

Ақтан Төлеубаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде оқушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу.

Ақтан Төлеубаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде оқушылардың оқу-тәрбие процесі шеңберіндегі қызметін үйлестіру бойынша 15 сынып жетекшісі өзіне жүктелген жұмыстар атқарады.

Сынып жетекшісі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясына, "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы", "Педагог мәртебесі туралы", басқа да Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес мектеп директорының бұйрығымен тағайындалып, өз лауазымдық қызметін жүзеге асырады.

Сынып жетекшісінің қызметі – білім беру ұйымының жарғысы, білім алушыларға білім берудің өзекті міндеттері, жаңартылған мазмұны, әдіснамасы, сондай-ақ тәрбие нысандары ескерілген тұлғалық бағдарлы тәсіл негізінде құрылған мақсатқа сай бағытталған, жүйелі, жоспарланған процесс.

Сынып жетекшісі тәрбие жұмысын ұйымдастыру саласында тиісті теориялық және практикалық білімді және оқыту дағдыларын меңгеріп, жоғары өнегелік қасиеттерге ие бола, оқушыларды жігерлендіріп, оларға қолдау көрсетіп және биік адами мұраттарға бағыттайды.

Сынып жетекшісі қызметін жоспарлауды және бақылауды жалпы мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары жүзеге асырады.

Сынып жетекшісінің мақсаты мен міндеттері

Сынып жетекшісі қызметінің мақсаты – балалардың жан-жақты дамуын ынталандыру, оқушылардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына жағдай жасау, ата-аналармен (басқа да заңды өкілдермен) өзара байланыс орнату және оларды оқу мен тәрбие процесіне тарту.

Сынып жетекшісінің міндеттері:

- 1) салауатты өмір салтына ынталандыру;
- 2) азаматтық пен патриотизмге, өз Отанын сүйуге, табиғатты қастерлеуге тәрбиелеу;
- 3) отбасы ара-қатынасын нығайту, үлкендерге құрметпен қарауға тәрбиелеу;
- 4) сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;
- 5) білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;
- 6) білім алушылардың өмір сүру жағдайларын білу;
- 7) ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге) арналған консультациялар);

- 8) білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу;
- 9) аптасына бір рет сынып сағаттарын өткізу;
- 10) мектеп директорын сыныбымен тәрбие жұмысының жай-күйі туралы хабардар ету.

Сынып жетекшінің функциялары

Сынып жетекшісінің функциялары:

- 1). Ұйымдастырушылық және үйлестіру функциялары;
- 2). сынып жетекшісінің жұмыс жоспарын әзірлеу;
- 3). "мектеп-оқушы-ата-ана" өзара әрекетін жүзеге асыру;

Ата-ана мен мектеп арасындағы байланысты күшейтіп, бағытты жұмыс жүргізу, ұйымдастырылатын мерекелік іс – шараларға, ата – аналарға және сынып жиналыстарына ата – аналарды тартудың қажеттілігі: балаларда іс – әрекетті таңдаудың үлкен мүмкіндігі болады, балалар маңызды жетістіктерге жете алады; балалар еліктеудің жаңа үлгісін алады ; оқушылар мұғалімнің жұмысымен жақын танысып, оны бағалай біледі.

Мектебімізде "Ата аналарды қолдау орталығы" ұйымдастырылған.

Мақсаты: балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналарды немесе заңды өкілдерді педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдар балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын күшейту, сондай-ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту.

Ата-аналарды педагогикалық қолдаудың міндеттері:

1. балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуда ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдауды ұйымдастыру;
2. балаларды тәрбиелеу мен дамытуда білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы өзара іс-қимылды нығайту;
3. балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналардың жауапкершілігін арттыру болып табылады.

«Біз тәрбие жұмысының рөлін күшейтуге көп көңіл бөлеміз. Сондықтан, бұл жұмыста біз үшін ата-аналардың қолдауы өте маңызды. Осыған байланысты биыл 1 қыркүйектен бастап барлық білім беру ұйымдарында, сондай-ақ мектебімізде Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы жұмысын бастады. Олардың басты басымдықтары – балаларды оқыту мен тәрбиелеуде отбасы мен мектептің өзара іс-қимылы бойынша жұмысты күшейту және ата-аналардың позитивті мәдениетін дамыту. 1 қыркүйектен бастап 2023-2025 жылдарға арналған Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру басталды.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығымен келесі тәртіп бойынша жүзеге асырылады:

Орталық қызметін ұйымдастыруды директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары жүзеге асырады, ол: - мектеп – ата-ана қарым-қатынастарының жаңа түрлерін, мектеп пен отбасының толықтай өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді; - сынып жетекшілерінің, педагог-психологтың, әлеуметтік педагогтың мектеп – ата-ана қарымқатынастарының жаңа түрлерін іске

асыру және мектеп пен отбасының толықтай өзара іс-қимылын қамтамасыз ету бойынша қызметтерін жоспарлауды және бақылауды жүзеге асырады;

Ата-аналарды педагогикалық қолдау үшін қосымша басқа да іс-шаралар ұсынылады: «Даналық мектебі» клубы, ата-аналар оқулары, конференциялар, ашық есік күндері, ата-аналар апталығы, ата-аналар мен балалардың қатысуымен мәдени іс-шаралар, мысалы, концерттер, көрмелер, спорттық сайыстар, ән, би сайыстары ұйымдастырылады.

Сынып жетекшісі, ата – аналармен бірлесе келесі жұмыстарды атқарады: сыныпшілік ата – аналар жиналысы, мектепшілік ата – аналар жиналысы, ата – аналармен жеке кездесу, ата – аналар үшін ашық есік күні, ата – аналарға педагогикалық және психологиялық кеңес беру, мерекелік кештерге шақыру, ата – аналарды психологиялық тренинг – ойындарға қатыстыру, отбасылық жарыстарға қатыстыру және «Менің жанұям» атты балалар салған сурет көрмесін тамашалау тағы басқа да. Психологиялық тұрғыдан алғанда сурет арқылы да біраз құнды мағлұматтар алуға болады. Сондықтан отбасы мен мектеп ынтымақтастығының өсіп келе жатқан болашақ ұрпақ өміріне тигізетін әсері өте зор. «Ұстаз – бағбан, бала - гүл» деген қағида әр ұстаздың ұстанымы. Осы қағиданы ата – ана мен ұстаз бірігіп пайдалансақ мектеп балалар үшін ең сүйікті мекенге айналар еді.

Қорғалжын аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы» тақырыбында сурет салу байқауына мектебіміздің атынан Карпыковтар отбасы қатысып, Жанболатов Қуаныштың анасы Таттыбаева Аягөз жүлделі ІІ орынды иеленді.

Мектебімізде Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекесі аясында бастауыш сынып оқушылары және ата – аналары арасында «Әкем, анам және мен» тақырыбында Ұлттық ойындар эстафеталық сайысы өтті. Бұл сайысқа 3 топтан құралған ата-аналар белсенділік танытып, қатысты.

Білім бөлімінің қолдауымен: "Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру мақсатында және "Даналық мектебі" жобасын арттыру үшін ата- аналармен "Баланың бас ұстазы -ата-ана" тақырыбында тәрбиелік іс шара өтті. Тақырыпты іс-шараға мектебіміздің 1"Ә" және 9"Б" сынып ата- аналары белсенділік танытып қатысты.

"Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру мақсатында және "Даналық мектебі" жобасын арттыру үшін ата- аналармен және мектептің 9 "Б" сынып оқушыларымен " Ата жолы, әке үлгісі ұрпақ өнегесінде" тақырыбында әкелер және ағалармен тәрбие сағаты өтті.

«Алғыс күніне» орай Даналық мектебінің жоспары аясында 5 “Ә” сынып жетекшісі Уткельбаева Алмагүл Мақажанқызы "Ата мен әже ісі- бізге өнеге" тақырыбында тәрбие сағатын ұйымдастырды.

Мақсаты:

Ұлттық мүдде, ұлттық мәдениетті дәріптеу. Ар-ұят сөзіне берік болу, үлкенге деген құрмет көрсету, адамгершілікке баулу.

Наурызнама 10 күндігі аясында 8 "А" және 8 "Ә" сынып оқушылары 17 наурыз «Шаңырақ күні», тәрбиелік іс-шара ұйымдастырды.

Бұл күнді отбасы құндылықтарын дәріптеуге арнау ұсынылады.

50 жыл отасқан отбасылар арасында "Алтын шаңырақ" атты тәрбие сабағы өтті. Аталмыш іс-шараға 8 «А» сынып оқушысы Амангелді Әнестің атасы мен әжесі қатысып, оқушыларға ақыл, кеңестерін және отбасылық салт-дәстүрлер туралы айтып берді.

10 мамыр күні мектебімізде "Аналар күні" аясында "Жанұя қамқорым - ана тірегім" тақырыбында сайыс сабақ өтті.

Аталмыш іс-шараға 5 сынып оқушыларының төрт оқушысы өздерінің аяулы аналарымен қатысты. Ана мен баланың көрсеткен өнерлеріне әділ баға берген Аудандық аналар кеңесінің төрайымы: Баймуханова Заря Қайратқызы және Аудандық білім бөлімінің тәрбие ісі жөніндегі әдіскері Тұрсынова Асем Алдабергенқызы

Қорыта айтқанда отбасында барлығы жақсы болған жағдайда-балалар жақсы жетістіктерге жетіп, өзінің даму деңгейіне көтеріле алады. Отбасы мен педагогикалық ынтымақтастық-баланың қанағаттану деңгейі мен сынып жетекшінің жұмысының сапасын арттырады. Өзара сапалы қарым-қатынас, өзара сыйластық, әлемге деген түсіністік көзқарас және оның тиімділік ықпалына ұзақ уақыт бойы сезіну, бір-біріне серіктестік барлық қатысушыларға жағымды әсер ететіндей болуы тиіс, сонда ғана тәрбие мен білім беру өз нәтижесіне жетеді.

Тәрбие жұмысын ұйымдастырушы:



А.Уралбекова